

# Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 13-сабақ. Бірінші бөлім.

**Лексикалық тақырып:** Мамандық тілі.

**Грамматикалық тақырып:** Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемдер.

**Оқылым. 1-тапсырма.** Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Мамандық тілі – мамандықта қолданылатын барлық тілдік құралдардың жиынтығы. Мақсаты – белгілі бір салада жұмыс істейтін адамдардың өзара түсіністігін қамтамасыз ету. Кәсіби қарым-қатынас саласының тілі жазбаша немесе ауызша сөйлеу тілі болады. Қазіргі технология білім беру жүйесіне тікелей әсер етуде. Уақыттың жаңа мамандықтарды қажет етуі заңдылық. Бүгінгі жастар өзі қалаған мамандығын оқып, игеріп, алған теориялық білімдері мен тәжірибесін кәсібіне сай дұрыс пайдаланса, осының негізі олардың кәсіби өсуі мен мансабына ықпал етеді. Кез келген жас маман өзі таңдап алған кәсібін, сол саладағы технологияларды, жаңаша ойлауды, белгілі ортаға икемді қарым-қатынастарды қалыптастыруды үйреніп, заман талабына сай қолдана білсе, бәсекеге қабілетті болары сөзсіз. Шетел тілі мен мемлекеттік тілді қатар меңгерген мамандардың болашағы зор. Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Ортақ менталитет пен рухани құндылықтарды қалыптастыру жолында тіл басты рөлге ие. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелейді. Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы. Әр халықтың тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қарым-қатынасы ең алдымен оның тілінен көрініс табады. Қоғамымыздың тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жақтан да жаңғыруына, дамуына сәйкес, қазақ тілінің қоғамдық, әлеуметтік, мәдени қолданыс өрісінің кеңеюіне байланысты сөйлеу мәдениетін арттыру, сөздерді әдеби норма талаптарына сай қолдану, дұрыс жазу, сөйлеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Барлық сөздіктер мен анықтамаларда инженер дегеніміз «Жоғары техникалық білімі бар маман» деп көрсетілген. Шындығында жас маман нағыз инженерлік іспен араласқан уақытта ғана нағыз инженер дәрежесіне көтеріледі. Себебі, жоғары оқу орнында алған теориялық білімін өмірде білгірлікпен пайдалана білуі тиіс жаңа техникалық құрал мен қондырғы түрлерін жасауға өнертапқыш ретінде үлес қосуы керек. Ол күрделі техниканы білгір сынаушы, не оны тиімді пайдаланушы болғаны дұрыс.

## Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

**2-тапсырма.** Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

**3-тапсырма.** Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып жазыңыз.

**5-тапсырма.** Төменде берілген ұлағатты сөздердің мағынасына қарай шағын эссе жазыңыз.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - дейді ұлы Абай.

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деген де сол Абай һакім.

Лев Толстойдың: «Ақылыңа азықты көп беруге тырыс», - деген сөзі бар.

Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі.

Адамның ең ұлы көркі – оның ақылы деп санаймын. Мұхтар Әуезов.

Ақыл да ойлағанды ұнатады. Ойланып, толғанған адамға ғана ақыл дұрыс жол көрсетеді. Бауыржан Момышұлы.

Сөйлеуді үйренгенің – өскенің. Үндемеуді үйренгенің – ақылыңның кіргені. Бернард Шоу.

Аз да болса, өз ақылың болсын. Максим Горький.

«Жақсы ісімен жақсы» дейді халқымыз. Ақылды адам айналасын абайлап, байқап сөйлейді. Кісінің көңіліне қарайды, оның көзқарасы мен пікіріне құрметпен қарайды. Сондықтан, ақылды, парасатты адам тартымды, көрікті көрінеді.

## **АЙТЫЛЫМ.**

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

«Менің туыстарымның мамандығы» тақырыбын әңгімелеп айтыңыз.

**Тіл дамыту жұмысы.** Ұлы тұлғалардың пікіріне өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады. (М.Әуезов).

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. (Ж.Аймауытов).

Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау. Ең қиын мамандық – адам болып қалу. (Хосе Хулиан Марти)

Үш мамандықты ең жоғары ақылы және ең құрметті ету керек. Бұл әскерилер, мұғалімдер мен дәрігерлер. (Голда Мейр).

Ісім оңсын десеңіз, Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз, Көпшіліктің адамы болыңыз. (Әл-Фараби).

Мамандықты дұрыс таңдау – ол өмір жолының сәттілігінің негізі. (Э. Ф. Зеер).

## **Тыңдалым.**

Бұқаралық ақпарат құралдарынан өзіңіздің мамандығыңызға арналған бейне жазбаларды қарап тыңдаңыз, қысқаша мазмұнын айтып беріңіз.

**13-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.**